

"Көшіп-келушілердің паспорттарын тексеру, олардың жүріп-тұру, сондай-ақ шетелдіктердің болуы үшін жабық жекелеген жергілікті жерлерге (аумаққа) кіру, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 135 және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 08-1-1-1/154 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 9 қазандағы № 831 және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2015 жылғы 17 қарашадағы № 11-1-2/513 бірлескен бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. "Көшіп-келушілердің паспорттарын тексеру, олардың жүріп-тұру, сондай-ақ шетелдіктердің болуы үшін жабық жекелеген жергілікті жерлерге (аумаққа) кіру, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 135 және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 08-1-1-1/154 бірлескен бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 6 маусымда № 7698 болып тіркелген және «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 1 тамыздағы № 442-449 (27523) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаменті (С. В. Пономарев) бір апта мерзімде осы бұйрықтың көшірмесін белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жолдасын және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының *Қазақстан Республикасының*
Ішкі істер министрі *Сыртқы істер министрі*
Қ. Қасымов _____ Т. Ыдырысов _____